

ПАЗЫЛОВА АЛМАГҮЛ СОВЕТХАНҚЫЗЫ



Пазылова Алмагүл Советханқызы 1964 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті ауылында дүниеге келген. 1983 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне қабылданып, 1988 жылы оны үздік дипломмен бітіріп, Қазақстан Оқу министрлігінің жолдамасымен Шымкент педагогикалық институтының Қазақ тілі кафедрасына оқытушы болып қабылданады. Содан бері (Халықаралық қазақ-түрік университеті, Академиялық инновациялық университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті) осы оқу орнында аға оқытушы қызметін атқарып келеді. Нормативті қазақ тілі, Қазіргі қазақ тілі синтаксисі, Қазақ диалектологиясы, Қазақ тілі пәндерінен сабақ береді. Топ тәлімгері.

2015 және 2019 жылдары Алматы және Астана қалаларында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында» ЖОО педагогикалық мамандықтары бойынша 240 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсынан өтті. Еңбек еткен осы жылдар арасында жоғары оқу орындарының Алғыс хаттарымен, Білім және ғылым министрінің (2017), қалалық білім басқармасының (2022) Құрмет грамоталарымен марапатталды.

А.С.Пазылова – «Қазақ тілінен тест тапсырмалары», «Курс жұмысы мен диплом жұмысын жазуға арналған әдістемелік нұсқау», «Қазақ диалектологиясы пәнінен тест тапсырмалары мен іс-тәжірибе өткізуге арналған оқу-әдістемелік құрал», «Нормативті қазақ тілі», «Қазақ диалектологиясы» атты оқу-әдістемелік құралдар мен электронды оқулықтар және 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы.